

Жүлдөз

К.Мырза Әли
ӘТІП БАРАМ, УАҚЫТ,
САҒАН ЖАРЫМАЙ...

Р.Тоқтаров
ҚАНЖЫГАЛЫ БӨГЕНБАЙ

Б.Сәрсенхан
БАҚЫТСЫЗДЫҢ БӘРІ – АҚЫН

1
—
2015

ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе тұғыр туынды

УАҚЫТТАН ОЗҒАН ҚИЯЛГЕРЛЕР

Жазушылар жинағының мазмұны бай. «Танғы шықтың» палитрасы сан қырлы, алуан бояулы. Достыкты, махаббат пен адамгершілік лағыл қасиеттерді қызыл тінге айналдырыған лирикалық әңгімелермен бірге, туған жер, ел тағдырын толғаған тебіреніске толы туындылар, азыз-әфсана, фантастика, сатирапық дүниелер де бар. Ендігі сөз – жинаққа енген Шәмшиден Эбдірамановтың «Саяхат», Төлеу Шаханов пен Төлеш Шахановтың «Тірі көз» аталағының ғылыми-фантастикалық әңгімелері төнірегінде. Баянымызды сабактамастан бұрын қазақ әдебиетіндегі кенже жанрдың сыр-сипатына аз-кем токталған жән шығар.

Фантастика. Аса киын да, өте құрделі тақырып. Жалғыз ауыз сөздің аясы мейлінше кен. Бұл ұғымның қазақ санасындағы түйсік-түсінігі кенеусіз ауқымды, мақсат-мұраты шынырау тұнғылық. Термин төркіні саналатын гректерде бұл атау – көзге елестету өнері дегенді түсіндірген. Осы тұрғыдан пайымдал, зерделер болсак, қазақ халқының да ежелден арманышыл, ойшыл, қиялышыл екеніне көз жеткіземіз. Айғақ деректі аласұрып іздемей-ак қояйық. Тілге тиек ретінде бабаларымыздың асыл мұрасы – қиял-ғажайып ертегілерін айтсак та жетіп жатыр. Халық қиялынан туған хайуаннтар жайлы қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінде фантастика жанрының негізгі элементтері кездеседі. Бұған ең алдымен «Ер Төстік», «Қырық өтірік», «Керкүла атты Кендебай» тәрізді жауғар жәдігерлерімізді атар едік. Көз алдымызға сұнғыла қазақ қиялгерлері мүсіндеген Ұшатын кілем, Таусоғар, Желаяқ, Қөлтауысар, Қанатты адам, Сакқулак, Қореген т.б. әрқылы бейнедегі мәнгі өшпес қаһарман-кейіпкерлер көлбендері сөзсіз. Мұның өзі фантастиканың ғылыми жағынан дамуып, қалыптасқанға дейін мифологиялық және діни шығармаларда орын алғанын көрсетеді. Оның ұшқындары Гомердің «Одиссеясында», Овидийдің «Метаморфозаларында», шығыс халықтарының «Мың бір түнінде» ұшырасады.

Дүниедегі ең шапшан, ең ұшқыр құбылыс – қиял. Ал адамзаттың бүтінгі таңдағы зор жетістіктері мен игілікті істерінің дені адам қиялының жемісі саналса керек. Қазіргі әдебиеттегі фантастика жанрына берілген тұжырымдама біраз жайдан хабар жеткізгендей. «Фантастика – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін түрі». Демек, ғылымның дамуымен байланысты адам қиялынан туған көркем туындылар да дүниеге келе бастайды. Он сегіз мың ғаламның жұмбағы мен құпиясына жіті үнілген сайын адам қиялына да қанат бітеп түскені баршаға мәшінр.

Ғылым мен техниканың келешек көкжиегі, қарыштап өркендеуі, адамзаттың табиғат сырларына теренірек ой жіберуі, яғни қиялдаудың нәтижесінде бітім-болмысы бөлек әңгіме-хикаялар туызыды. Ұшқыр ойдан, ғылыми негізден қаланған мұндай шығармалардың структурасы көзге ұрып тұрады. Оқиға желісі өмірдің өзінен ойып алғандай, әсерлі де тартымды суреттеледі. Ғажайып әлемді шарлатып, айрықша қызықтырады. Тіпті, оқып отырғанда, тап сол адам айтса сенгісіз килькилы таңғажайыптардың ортасына түсіп кетесін-ау. Бұл уақыттан озған фантастардың

Жалғасы. Басы өткен сандарда.

шеберліктерін көрсетеді. Бір сөзбен жеткізсек, қиялгердін аскан білімділігін әйгілесе керек. Басты идеясы ғылымда негізі бар, бірақ әлі іске аспаған, әлі ашылмаған болашақ жаңалыктармен ұштасып жатуында.

Жалпы ғылыми-фантастикалық әдебиет ақылшының философы Ф.Бэконның «Жаңа Атлантида» кітабынан басталады. XVII-XVIII ғасырларда планетааралық сапар туралы, кейінрек келешек жайында ғылыми-фантастикалық шығармалар жазылғаны мәлім. Ал «миы – қиял қоймасы» атанған атакты француз жазушысы Жюль Верннің қиял-ғажайып романдары төрткүл дүниені шарлап кетті. Ұлы фантастың «Он бес жасар капитан», «Су астына 80 000 километр сапар», «Капитан Гранттың балалары» секілді кітаптарын казақ оқырмандарының үлкен-кішісі бірдей жастаңып оқығаны белгілі. Сондай-ақ Г.Уэллстің «Уақыт машинасы», «Әлемдер соғысы», А.Дойльдың «Жоғарған әлем», Р.Брэйдберидің «Марс хроникалары», С.Лэмнің «Астронавтар», «Солярис» т.б. біріне-бірі ұласқан фантастикалық туындылар текті жанрдың өрісін кеңейтумен қатар, өзге елдерде кенжелеп қалған әдебиеттің серпін алуына ықпалын тигізді.

Қазақ әдебиетіндегі таза фантастикалық тұнғыш көркем шығарма – көрнекті маркшайдер-ғалым, философ-қаламгер Ақжан Машановтың 1957 жылы жарық көрген «Жер астына саяхат» повесі. Бұл тосын да, ізашар туынды республикада ғылыми-фантастикалық жанрдың қарқынды қанат жауына әсер етіп, қиялгерлердің үлкен шоғырын жасақтағаны аян. Қазақ қаламгерлерін де ғарыш әлеміне, жұлдыздар сырына, телегей-теніз мұхиттар тұнғиығына, жеті қат жер койнауына, табиғаттың құпия тылсымына ой көзімен барлауға үмтүлдірды. Шарқ ұрып ізденіп, талмай тер төкті. Фантазияларын ұштап, шеберліктерін шынадады. Нәтижесі мерей марқайтып, әдеби қоржынның бүйірін бүлтітті. Қазақ фантастика жанрның көсегесін көгерктен олжа туындылардың кейбірін атайды. Жазушылар Медеу Сәрсекеевтің «Ғажайып сәүле», «Көрінбестің көленкесі», Талап Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын», «Лұқман Хакім», Шоқан Элімбаевтың «Данышпандық алғасы», Төлеу Шахановтың «Көлілдір мұнаралар», Төлеш Сүлейменовтің «Жұлдыз адамы», Шәмшиден Эбдірамановтың «Әл-Фараби көпірі», Абдул-Хамит Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз», Советхан Фаббасовтың «Көусар», Раушанбек Бектібаевтың «Ионесферадағы алан», Нарбинь Кенжеғұлованың «Қызын шешім», Жұніс Сахиевтің «Кеңістік көшпенділері» аталатын фантастикалық повестері мен романдары аса күрделі жанрдың қалыптасып, өркендеуіне өлшеусіз улес қосқанын қадап көрсеткен жөн.

Жоғарыдағы кабырғалы қаламгерлердің қатарындағы белгілі фантаст-ғалым Шәмшиден Эбдіраманов хакында, әуелде ескерткеніміздей арнағы әңгімे өрбітпектіз. Қазақ таумен-металлургия институтының (қазіргі К.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті) түлегі, инженер жігіт Шәмшиден жазуға бейімділігін студент кезінде-ак көрсетеді. Жастардың сүйікті газеті «Лениншіл жасқа» («Жас Алаш») ғылым мен техника тақырыбына қатысты танымдық, қызықты материалдары жі жарияланып жүрген оған журналист ағалары фантастика жазуға ақыл-кенес береді. «Сенің икемін бар, әрі болашақ инженерсін. Мәскеуде шығып тұратын «Наука и жизнь», «Техника и молодежь» секілді ғылыми-көпшілік журналдарында жарияланатын қысқа да, тартымды көркем дүниелер секілді шығармалар жазып көрші». Мінеки, осындағы сенім мен қамқорлықтың арқасында туған Шәмшиденнін тырнақалды туындысы – «Саяхат». Сиясы кеүіп үлгермеген бұл ғылыми-фантастикалық әңгімені «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жігіттер ұнатып, кешіктірмей кезекті нөмірдің макетін бұзып, салып жібереді. Қанша дегенмен оқырман сусап отырған тақырып емес пе?! Көпшілік тікелей редакцияға телефон соғып, «фантастикалық әңгімелерің тамаша екен» деп қуаныштарын білдіреді. Ал осы кезде жас жазушылардың тұнғыш туындыларының басын біріктірген «Танғы шық» жинағына жауапты ақылдастар алқасының мүшелері Эбдірамановтың әңгімесін бірауыздан мақтап, кітапқа қосуға үйіралыпты. Бір қызығы, жағымды жаңалықтан автор хабарсыз-ды. Өйткені, қалтасында куректей дипломы бар ол кітап шықкан 1964 жылы Жезқазған кеңіштерінің бірінде мамандығы бойынша тау-кен инженер бол істейтін.

Қиялы жүйрік инженердің қалам сілтесін барлап көрелік. Ақиқатын айту керек, мен осы әңгімені мектепте жүргенде оқығанда онша түсінгенім жок. Дәлелді себептердің еткізілмейтін. Жаңыз фана сарапап, бажайлап отырмын. Ғылыми-фантастикалық әңгіменің мән-мағынасын теренірек түсініп, ұғыну үшін білім-білігіннің мол болғаны жөн-ау. Бұдан елу-алпыс жыл бұрынғы түкпірдегі ауыл мектебінің сиқы да, қаунары да баршаға жақсы мәлім. Химия, физика, астрономия, география секілді пәндері биік деңгейде өткізілмейтін. Жаңыз фана мысал келтіреін, окулықтағы теориялық сабактарды көрнекі құралдар арқылы түсіндіріп, кабинеттік қарапайым эксперимент-жаттығулар көмегімен үйрету жағы өте жеткіліксіз болатын. Осынау олқылықтарды ойға түсіріп отырғаным ғой. Эйтпесе, көгілдір Балқаштың жағасындағы Көпбірлік орта мектебінен талай медалистер мен оқу үздіктері шыққан. Арапарында академиктері, ғылым докторлары мен профессорлары да бар. Біздің сыныбымыз да айтулы болды. Он біріншіні бітірген жиырмада бес түлектің жиырмасы бірдей институт пен техникум дипломын иеленген. Бұл – білімге інкәрліктің айқын көрсеткіші!

Сонымен, жұлгелі әңгімемізді өз арнасына бағыттайық. Жер ядросына саяхат жасаған жерноват-ғалымдардың алғашқы кезенде бастан кешкендері мен көзбен көргендерін автор былайша суреттейді:

«...Шығарып салуға жиналғандармен қоштасып, Ерболовпен құшақтасып кеп, бәріміз де корабльге міндік. Сосын тік ұшатын самолет корабльді тіркеп алды да, көкке самғай жөнелді. «Мана төбемнен тұқыртып төмен басқан күш осы кезде пайда болған шығар-ау», – деп ойладым мен. Бір мезетте тіркіс ағытылды да корабль төмен қарай зымырай жөнелді. Мынаны көргенде кайтадан өкпе-бауырым алқымыма тығылып, көзімді қан басқандай болды да кетті.

Расында да дәл осы кезде экранда жерге таяп қалған корабльдін тұмсығынан лақ етіп қызыл жалын шықты да созылып барып жерге тіреле қалды. Бірақ, әлті қызыл тіреу тез қыскара берді. Оның артынан корабль де қаққан қазықша жерге сініп жок болды. «Шынымен осы біз бе?» дегендей мен Шәріпке бұрыла бергенімде салонның ішін аңы сирена даусы кернеп кетіп еді. Сол сәтте пульттен де бірнеше қызыл шамдар жана қалып, бізге ерекше радиацияға тап болғанымызды ескертіп өтті. Шәріптен басқамыз сактау костюмізге ұмтылдық. Ал командиріміз сілейіп тұрып қалыпты.

– Мүмкін емес! Бұл аудан жете зерттелген еді ғой, – деп ол күбірлеп пульт алдына барғанда «аһх» ұрып отыра кетті.

– Радийден бір де грамм қалмапты!.. – деген, Шәріптің үрейлі үнін естігенде денем инемен піскілегендей шымыр-шымыр ете қалды. Бәріміз де демімізді ішімізге алып сілейіп үнсіз қалыптыз. Елсіз-күнсіз, сусыз шөлде бензині біткен машинадай радийсіз корабліміз жер қабатында тұрып қалатын болса үрэйленбей қайтеміз.

Шәріп жеті қабат жер астында келе жатса да корабльдің маңын алақандағыдай анық көрсететін нейтронды-квант аспабын ісе қости. Сөйткені болған жок экран аспандағы сансыз жұлдызды жинап алғандай жарқыраған нүктеге толды да кетті. Сәлден кейін олар тұтаса келіп ерекше мақұлықтың кескініне айналды. Бәріміз де экранға еміне қалдық. Енді ол зоологтің кабинетінде ілулі тұратын алып кесерткеге ұқсағандай болды. Ермек мұны көре салып «Динозавр!» деп дауысталап та жіберді. Әлті алып аяқ-басын жыбырлатып, тісін ақситып бізге айбат шеккен тәрізді. Бәріміз Ермекті бассалдық.

– Ал, палеонтолог, мынаны ұстап алып зоопаркке табыс етсек қайтеді, – десіп әлгіндегі көңілсіздікті ұмытқандай қарқылдалап күлісіп алдық.

– Зоопарктарің не? Естерін тұзу ме өздеріннің? – деп Ермек ашууланып тұрып кетті.

Шынында да мындаған жылдар бұрын құрып біткен мақұлықты ұстап алайық дегенді естігенде Ермектің орнында болсак бәріміз де сүйтер едік... Алайда өлексесі де қалмаған динозаврдың аузын ашып, тісін ырситып тұрганы факті ғой. Мұны түсіндіре алмағанына ызаланған Ермек бұрылып кетті де, қайта оралып қара тақтада бормен сызғандай алып жануардың кескінін жаңа көрген жандай экранға тесіле қалды. Кенет ол айғайлап жіберді де, Шәріптің құшактай алды.

— Құтылдық!!! Корабльді осыған қа-рр-ай бүршы! — деп ол қуанғанынан ештенені байыптағ айта алмай тұтықты да қалды. — Дәуде болса мынау... шірімей қалған динозаврың қаңқасы. Барлық радиийді жұтып алған осы.

Мынаны естігенде Шәріптің де өні кіріп сала берді.

Расында да оқиға Ермек айтқандай болған екен. Шәріп пен Ермек корабльден шығып қаңқадағы радиийді қалбырына толтырып алды. Олар қаңқаның өзін де тастамапты.

— Мынау радииді сактайтын «тоназытқышымыз» әрі корабльдің болашақ музейінің алғашки экспонаты болады, — деді Ермек қалжындал, қаңқаны өріс өткізбейтін вакуумды жәшікке салып жатып.

Бұл оқиғадан кейін көнілдегі қобалжудын бәрі де басылып, сапарымыздың сәтті болатынына күмән келтірмедік. Бағытымызды түзеп, төмен жүріп кеттік. Экранда сан түрлі тас қабаттары зымырап қалып жатты. Кенет экранды қара-коныр нәрсе басты да кетті.

— Мұнай, — деп әлдекім құбір ете қалды. Біз бұл қабатпен біраз жүрдік. Шамалауымызша мына мұнайдың терендігі анау-мынау қөлдің терендігінен кем түспейтін секілді. Шәріп аспабын жұмсал бір кеседей мұнай алдырыды. Әлден уақыттан бұл сүрғылт түрмен алмасқанда гранит қабатына енгенімізді сездік. Сәлден кейін экран мұнартып, буылдырыланып кетті. Сірә, корабль газ жиналған күйсқа тап болса керек...

Иә, қиял әлемі шексіз де, шетсіз. Әдетте біз ғарышқа, галактикаға түрлі-түрлі сапарлар болатыны жайында небір қызықты жағдаяттарды естіп журміз. Жұмбағы мен құпиясы әлі де толық ашылып бітпеген көк мұхиттар тұңғығына жасалған сырлы саяхаттардан да хабардармыз. Ал адамзаттың тіршілік бесігі саналатын өзіміз өмір сүріп жатқан планетамызға, яғни қатпар-қатпар сан қабаттарды тесіп өтіп, Жер ядросына жетуді ойлаған ғалымдардың іс-әрекеттері танғалдырымай қоймайды.

«Космонавт», «астронавт», «аквалангист» атталатын, яғни жана дәуір жиһанкездері – ғарышкер, сұнгуірлер секілді «жерноваттар» сапында Жер кіндігіне аттанған журналист көріп-білгенін баяндайды. Көзі қаракты, әр нәрседен хабардар фантастикалық әнгіменің бас кейіпкери тек «турист» қана болмай, жер астындағы аномалиялық құбылыстар жөнінде репортаж жүргізеді. Эрине, бұл – құлағы түрік журналист ағайындар арасында бұрын-сонды болмаған сенсациялық оқиға. Сондықтан да болуы керек, ол профессор Ерболов пен оның ассисент-шәкірті Шәріптен өзіне бұлынғыры, түсініксіз түйткілді сауалдарды сұрап-білуден арланбайды. Әу баста журналистің қылықтарын оғаш көрген профессор да, өзге ғалымдар да оның білмекке құштар ынтық көнілін сезгеннен кейін жерге байланысты қызықты деректер мен адамдарға беймәлім құпияларды егжей-тегжейлі түсіндіреді. Жер астындағы әркілы қабаттардың бір-біріне ұқсамайтын өзіндік касиеттерінен сыр шертеді.

Шындығында, әнгімені оқып отырғанда біздің кез келгеніміздің басымызға қарапайым сұрактың жетіп келетіні анық. «Жер шары туралы біз не білеміз, осы?...». Рас. Сәл іркіліп, ойланып қалатынымыз жасырын емес. Оқасы жок, қысылмалық. Ғылыми фантастиканың басты міндеті мен түпкі нәтижесі де – белгілі жайдың беймәлім сырын ашуға ұмтылу. Өмірлік түрлі-түрлі ғылыми сын tactar мен тәжірибелердің қорытындыларына сүйене отырып, келешек көкжиектерге қиял көзін жүгірту. Демек, гипотеза мен болжаудың өзара үйлесім табуын ешкашан естен шығармауымыз керек. Құрғак қиял, тиянақсыз дәйек, дәнсіз ой – жеміссіз де.

Әлгінде ишара еткеніміздей, өзіміз тұратын Жер хакындағы нақты мәліметке назар аудартқымыз келеді. Біздің планета – Күн жүйесіндегі Күннен бастап санағандағы үшінші ғаламшар. Эллипстік пішінді, дөңгелекке жуық. Орбита бойымен 29, 765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн км. орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Ол Күнді айналып жүретін 9 планетаның ішінде мәлшері мен массасы бойынша бесінші орында. Жер осыдан 4,5 млрд. жыл бұрын пайда болған, оның құрамына Күн жүйесінде кездесетін барлық химиялық элемент енеді. Жер негізгі үш геосферадан тұрады: жер қыртысы, мантия және ядро.

Бұл геосфералар сейсмикалық толқындардың жылдамдығына және олардың терендік бойынша өзгеруіне байланысты сегіз сейсмикалық қабатқа бөлінеді. Жердің жоғарғы катты қабаты литосфера, ал төменгі жұмысқ қабаты астеносфера деп аталады. Эр кабаттағы температура, қысым мен толқындар да алуан түрлі.

Біздің ғаламшарды қөптеген ғалымдар зерттеуде. Жердің мөлшері мен пішінімен геодезия ғылымының мамандары айналысса, астрономдар оны аспан денесі ретінде зерттейді, геофизика – Жердің геосферасындағы физикалық процестерді және заттық күйін анықтаумен шүғылданады. Сондай-ақ геохимия, геология, физикалық география мен биология ғылымдарының өкілдеріне жүктелер міндеттер де зор. Жер ядросына саяхат кезінде бұл ғалымдардың еkipаж құрамында болуы бек мүмкін. Қызын-қыстау сәттерде олардың ақыл-кенестері ауадай қажет. О жағын бүге-шігесіне дейін тәттіштемей-ақ қояйын. Қиялгер барлық жағдайды өмірдің құдды өзіндей ғып әсерлі бейнелеп, нанымды суреттейді. Корабльдің әр қабаттан өткендегі мезеттерін ғылыми негізге сүйене отырып, әдемі әнгімелейді. Жалғандықтың ұшқының да сезбейсін. Бұл сәттілікті фантаст-жазушының шеберлігі деп ұққанымыз абзап.

Сырт жұрт бар қызықта, құпия да жұлдыздары жамыраған зенгір қөкте деп ойлады. Қап-катты кара тас іспетті Жердің астында не бар дейсін? Былайша Караганда, Ай мен Марсқа барып-келу әлдекайда оңай. Әнгіме кейіпкері журналист жігітте қөптен бері мазалаған қекейіндегі құпті сауалын бірде профессорға бүйірден қояды. «Сонда қалай? Жер қабаттарының әрқайсысы мындаған километрлік қалыңдықты алып жатса, одан бөлек күтпеген кедергілердің кездесуі мүмкін дейсіз. Ал мантия мен ядродағы қызуудың мөлшері үш мын градуска жетсе, ондай дүлейге қандай корабль шыдамақ? Жер асты кемесі неден жасалған өзі? Миым жетсейші...». Жыптыр-жыптыр жылтылдаған түйме-аппараттарға үнілген профессор басқару пультінің жанындағы алып экранға бастаған. Одан әрі сәл жүрінкіреп барды да тұтас қабырганы жапқан перденің автоматты тетігін іске қосқан. Шымылдық-перде ашылған бойда бөлме іші айрықша жап-жарық нұрға бөленіп сала берді.

«Танданғанымнан атып тұрып корабль макетінің қасына жетіп барыптын. Шынымды айтайыншы, Жерге сұнгитін корабльді мен кара қоныр шомбалдай нәрсе ғой деп елестетуші едім қөзіме. Ал мынау қәдімгі космос корабліне қатты ұқсайды екен. Бірақ мұның бас жағы сопақтау болса да сүйрік емес, тұмсығы кішігірім қазандай үнірейіп тұр.

Мені қатты тандандырған корабльдің сыртқы түсі болды. Оның болат емес екенін бірден сездім. Алғашында корабль маған ірілігі жүгері дәніндегі текше толтырған жұмыр әйнек астай тәрізді болып көрінді. Сәлден кейін ол текшеден өрілген сауыт сыйылданды. Енді анғардым: корабль макетінің өн бойы алабұғының арқа қанатындағы жұқа затпен және ескекке ұқсас балықтың қабыршығы тәріздес калактармен көмкеріліпті. Профессор «макетті емін-еркін көріп ал», – дегендегі ұзақ пауза жасады».

Демек, Жер астына сұнгитін зымыран-кеменін тұмсығына орнатылған тұрлі қондырылардың қемегімен құшті тоқсауыл мен қысымды жоюға болады. Мұны радийдің тізбекті реакциясы аткарады. Яғни, радиј атомдары тараған кезде пайда болатын қызу корабльдің тұмсығындағы үнірейген ойыстан төмен қарай тараиды. Осы кездегі бес мын градустық ыстық кез келген тау жынысын тозаңға айналдырып Жер кемесінің еркін жүруіне жол ашады. Қиял қисыны нандыра түскендей...

Қиял-ғажайып әнгіменің финалы да тосын. Журналистік іс-сапармен Каспий ойпатындағы қуатты бұрғы сұнгісі жетпеген жер қабатын зерттеу үшін орнатылған мұнай скважинасының бұрғышы-мамандарының іс-әрекеттерін өз қөзімен көріп, олардың озық жаналықтарын жазбақшы болған журналист үйқысынан шошып оянады. Өзіне-өзі сенбейді. Адам сенгісіз керемет түс көріпті. Жер кіндігіне саяхат жасап қайтыпты. Ғажап! Тұп-тура өніндегідей...

Мінеки, бұл күнде дүние жүзін өзіне қараткан қазакстандық ғалымдардың, мұнайшылар мен барлаушылардың таңдай қағарлық жетістік-жемістерін ақиқатқа айналған фантастикамен салыстыруға болар еді. Оны тамашалағыныз келсе Атырауға

барыңыз. Теніз табанынан мындаған метр терендіктен «қара алтын» мен көгілдір газ өндіріп жатқан бүгінгі заман геройларының өмірінен ұшыратарыныңға кәміл сенімдімін.

... Өмір деген – қызық. Алатаудың алқасы атанған ару Алматыда отыз жыл тұрып, жалғыз мәрте жүздеспеген екенбіз. Таңданатын жөнім бар. Кәсібіміз де, қарекетіміз де жақындау болғандықтан айтып жатқаным да. Бізді тілдестірген де, таныстырыған да – «Таңғы шық». Сарыарқаның төрінен телефон соғып, хат жазысып дегендей. Елордамыз – Астанада кездесіп, творчество төңірегінде сыр бөліскен сөүлелі сәттерден сіз де, сүйікті оқырман құлағдар болыңыз.

Шәмшиден аға тау-кен инженерінің дипломын ала салып, шахтаға түспепті. Қағаз-кітап қопарып, журнал шығарыпты. Қазак елінде тұнғыш рет жарық көре бастаған «Білім және енбек» («Зерде») ғылыми журналда қызмет істеген көрінеді. Мұны қөпшіліктің білмейтіні аян. Ендеше жазушының өзін тыңдайық.

– Институттың сондық, бесінші курсында жургенімде мені «Пионер» журналының бас редакторы Раҳметолла Ыдырысов қабылдауына шақырды. Бұл – 1960 жылдың басы еді. Таяуда жаңадан «Білім және енбек» деп аталатын ғылыми-қөпшілік журнал ашылатынын, соған ғылым мен техника тақырыбына жазуға қабілеті бар қызметкерлерді іріктел жатқанын айтты. «Бізге жұмысқа келсөн қайтеді? Нарыз сенің төл журналың болатын секілді. Техника, фантастика тақырыбына жазып жүрсің ғой...» Мен күтпеген ұсыныска тосылып қалдым. Өндірістік тәжірибеде жургенімді ескертіп, практикам аяқталысымен келіп кетейін дедім. Сөйтіп, іле-шала, бір ай өткен сон, жаңа журналдың редакциясына соктым. Ыдырысов ағайдын (о кісінің не себепті редактор болмай қалғаның білмеймін) орнында отырған жаңа бастық Камал Смаилов менімен жылғыншырай әңгімелесіп, бірден журналға бөлім менгерушісі қызметіне қабылдады. Бұған дейін жастар газетіне тиіп-қашып ғылыми-техникалық тақырыптарға мақала жазып журген менің тәжірибем жоқ еді. Журналистік көріктің ыстық-суығына түстім де кеттім. Қатты қиналдым. Жазу-сызузың мashaқатын менгеріп, шеберлігімді шындауда бас редакторым Камал аға қолғабыс жасады, көп үйретті. Ғылыми материалдарды қалай жазудың қыры мен сырын ерінбей-жалықтай көрсетіп, ақыл-кеңесін аямады. Өте талапшыл ағаның «тоқпағы» аз уақыттың ішінде әбден ширатты. Тіпті, келе-келе журналда тұрақты жарияланатын фантастикалық әңгімелерге арналған бәйгеде бақ сынап жүрдім. Сондағы Камал ағаның қуанғанын көрсөніз, шіркін! «Ізденісің ұнайды. Ғылыми-техникалық білімінді ұдайы жетілдіріп отыру керек. Фантастың ойы уақыттан озып жүруі тиіс. Қиялынды үштай бер». Мінеки, осылайша әуелде көнілі толмай, үнемі қамшылап отыратын редакторым «Қайда барасын, Радио?», «Жарқанат», «Жер туралы сен не білесін?», «Елгезек электр» тәрізді танымдық, қызықты материалдарымды қатты мақтағаны әлі есімде. Жер құпиясына арналған «Саяхат» аталатын ғылыми-фантастикалық тұнғыш әңгімем осы жанрмен түбектелі айналысумы ерекше серпін берді...

Осылайша қаламгерлік қызын жолды таңдаған Шәмшиден Әбдіраманов үлкеннің де, кішінің де ой-өрісін кеңейтіп, ғылымға құштарлығын арттыруда үлкен үйіткіші айналған республикалық танымдық басылымда үш-төрт жыл тер төгеді. Журналдың өзіндік бағыт-бағдары мен бет-бейнесін қалыптастыруға атсалысады. Фантастика жанрын еркін менгеріп, ғылыми-танымдық тұнғыш жинағы – «Елгезек электрді» «Жазушы» баспасынан шығарады. Негізгі мамандығы бойынша өмір көріп, тікелей өндірістің өзінде тәжірибе жинақтау мақсатымен Жезқазған кен-байыту комбинатына тартады. Шахталардың жұмысын, мыс өндірушілердің өмірін ой елегінен өткізеді. Қаламын қолынан тастамаған жас фантаст Жазушылар одағының ғылыми-фантастикалық әдебиеттер секциясына жаңа жинағын тапсырды. «Көрінбес қорған» кітабы үлкен талқылауда ерекше назар аудартқаны бар. Атақтығалым Ақжан Машанов пен белгілі жазушы Медеу Сәрсекеевтер ағынан жарылып, куана пікір білдірген. Балауса жанрдың бапкерлері саналатын кос қаламгердің өз қолдарымен жазған рецензияларын Шәмшиден аға әлі күнгे тұмардай қастерлеп сақтауда. Ал, сарабдал сыншы Мұхамеджан Қаратасев кітаптың әуелгі аты «Жарқанатты» өзгертуін

талап етілті. Сөйтіп ағалардың аялы алақаны арқасында «Көрінбес қорған» 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шығады. Бұл кітап туралы Дихан Әбілев, Рақымжан Кошқарбаев, Кәкімбек Салықовтар әр жылдары жылы лебіздерін білдірген.

Төрт-бес жыл өндірістің қайнаған көрігінде ысылған инженер жолы аяқ астынан қырыдағы кара құрлыққа бастайды. Африкадағы азаттығын алған Алжир мемлекетіне қолғабыс қөрсету үшін кеңестік инженер-мамандардың сапында бүкіл отбасын алып Шәмшиден аға Али-Барбар кен-байту комбинатына келеді. Бас инженер қызметінے құлшына кіріскең ол болашаққа қол созған алжирлік әріптестеріне кен өндірісінің қыры мен сырын үйретеді. Әрине, үш ұйықтаса ата-бабасының түсіне кірмеген жай. Құпиясы мен жұмбағы әлі толық ашылмаған Африкада әткен жылдар із-түзсіз қалмады. Ұзак сапардан оралған жазушы өз оқырмандарына «Тас раушан – Сахара гулі» аталағын кітабын ұсынған. Туған жер топырағына табаны тиғен тәжірибелі маман алғашында республикалық Жоспарлау комитетінде, кейінірек өзі түлеп-ұшқан білім ордасы – Қазак политехникалық университеттіне (ҚҰТУ) оқытушы болып орналасады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен түбектелі шұғылданады. Отыз жылдай жас буын өкілдеріне кен-ісі өндірісі жөнінде дәріс оқып, қазақстандық инженерлер мен техникалық кадрлардың тұтас бір армиясын тәрбиелеп шығаруға өлшеусіз үлес қосады. Бұл күнде ол қос ғылымды тел еміп, жемісін катар көріп отырған үлкен ғалым. Ұлағатты ұстаздың шәкірттерін ұлан-ғайыр еліміздің барлық өндірісті ошақтарынан кездестіресін. Шәмшиден Әbdіраманов педагогика ғылымдарының докторы әрі техника ғылымдарының кандидаты, профессор.

Қиялгер-жазушының өнернамасы да сан алуан қазынаға бай. «Әл-Мисак», «Ақиқат формуласы» ғылыми-фантастикалық романдарының авторы. Сондай-ақ «Әл-Фараби көпірі», «Жер асты кен қазу технологиясы», «Кен казу ісі технологиясының негіздері», «Кен ісінің қазақша терминдері» т.б. ғылыми-тәнымдық кітаптары мен оқулықтары кейінгі жас лектін игілігінде.

Қазақтың ғұлама ғалымы, ұлттық фантастика жанрының көшбасшысы Ақжан Машанов мұрасын зерттеудегі Ш.Әbdірамановтың еңбегі ұшан-теніз. Бұл турасында машанитанушы ғалымның өзін тыңдағанымыз орынды секілді.

— Аса көрнекті қазақ ғалымы Ақжан Машановтың аты-жөні төрткүл әлемге әйгілі. Сан қырлы қайраткердің ғылымдағы тындырған істерін, жанкешті еңбегін жіктеп-жіктеп айтудың өзіне біршама деректер өзек болар еді. Оның барлығын көгенде, тізіп шығу мақсат емес. Геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. Кезінде әртурлі жағдайлармен Ғылым академиясының толық мүшесі бол сайланбаса да, ол К.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан тұрпатындағы кесек те, кенен тұлға. Энциклопедиялық білім иесі атанған нағыз халық академигі. Қазақстандағы геомеханиканың негізін салушы үлкен ғалым әрі жазушы. Бір сөзben түйіп жеткізек, ол 350-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Данқты жерлесіміз Әбу Наср әл-Фарабидін Дамаскідегі (Сирия) Баб ас-Сағир қорымынан қабірін алғаш тауып, басына құлпытас қойғызыған. Ол әл-Фараби мұрасын ислам дінімен және қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен сабактастыра зерттеу нәтижесінде фарабитану негізін салушылардың бірі ретінде де кеңінен танымал. Осы орайда Ақжан хазіреттің соңында қалған өлмес мұраларын зерттей барлағанымда, оның фарабитандың абызы екеніне көзім жете түсken. Жалғыз ғана Фарабиді тануға арналған зерттеу материалдарының көлемі 150 баспа табакты құрайды. Ұлы ғалымның 2005-2011 жылдары жарық көрген 16 томдық шығармалар жинағының он бес кітабының алғысөзін жаздым. Осының нәтижесінде «Машанинама» зерттеу еңбегім дүниеге келді. Мұның сыртында жыл сайын Халықаралық Машани оқуларын өткізуі дәстүрге айналдырылған. Сәтін салса «Ақжан Машани» роман-эссеімді де оқырманға ұсынып қалармын. Ғұлама ғалымның ғибратты ғұмыры осылайша өз шуағын шаша бермек.

Қазіргі таңда қазақ фантастикасы мен ғылыми әдебиетінә өз үлесін қосып жүрген қажырлы да, карымды қаламгеріміз Шәмшиден Әbdірамановтың тындырғаны мол. Оның бәрін бірдей жіліктеп шағып талдамасақ та, ел мұддесіне жараган туындыларға

шолу жасадық. Сондағы анық байқағанымыз – өткеннің ізі.

Өнегелі өмірдің өзегіндегі өрілген қалам ізі ешқашан өшпесе керек.

ЖЕР «ҚОНАҒЫ» – КӨК КЕЗБЕЛЕРИ

Алақандай әңгіменің әсерімен «ұшып» жүргеніме екі-үш күн. Ойым да, бойым да асқақтап, қиялым бөлекше шарықтағандай. Тіпті, санамның бір түкпірінде ұмытылып қалған балалық шақтың қызықтарын дабылдатып, сон-ау жылдардың бұлышыры суреттерін көз алдыма елестетерін қайтерсін. «Танғы шық» жинағындағы Төлеу Шаханов пен Төлеш Шахановтың «Тірі көз» аталатын ғылыми-фантастикалық әңгімесіне үңілген сайын, әлті елес-жанғырық та оқтын-оқтын орала береді-ай...

Қаршадайында естігендің мен көргенің ешқашан өшпесе керек. Бала жадында қашалған ғұмыр ізін қанжармен де кетіре алмайсың. Алансыз кездін көріністері қазір де айна-қатесіз қаз-қалпында жанағымның алдында түрғандай. Қөлдір Балқаштың жағасындағы кішкентай балықшы ауылы. Қоныртөбел тірлігі бар колхоздың бас көтерер үлкендері ұлан жазды іргедегі теңіз үстінде өткізеді. Жиырма-отыз күнде бір рет ауылға келіп, бала-шағаның амандығын біліп кетеді. Басқа уақытта бүкіл ғұмыры, барлық тіршілігі – тұңғирық тубінен су ырызығын сүзу. Ежелгі көсіп. Қақаған аязда шыңылтыр мұз астынан, ал алтап ыстықта теңіз түбінен несібесін терген балықшының шаруасы да бір басына жетерлік. Суық күзге дейін көл бетінде көшіп жүреді. Құлаш-құлаш ау-торларын тазалап-тараштап, жамап-жасқап бозала таңдан тұрып құрады. Толқындар күжірейіп, дауыл сокқан күндері қамысты қолтықтарды торуылдаса, ашық күндері жағалаудан ұзаңқыраптайдын төрінен сүзекі тартады. Яғни, жүрек жұтқандардың бүкіл тағдыры толқын жалында қалт-құлт тербелген қара қайық пен «тырқылдаған» қалақтай кеменің үстінде. Бірде ересектермен бірге балық аулап жүрген құрдастарымыз Шағай, Кәтен, Зарықбектер жарыса өздері тамашалаған оқиғаны таңдайларын тақылдатып тұрып шерткен. Қиял-ғажайып хикаяға бергісіз әңгімелері бізді қатты қызықтырған. Әуелде сенбегеніміз рас. Бірақ, олардың айтқандарын үлкендер жағы да мақұлдан, коштаған-ды.

«Бір күні кешкі тамағымызды ішіп алғаннан соң, Ай жарығымен ау тараштап отыр ек. Құнбатыс беттен ноқаттай бол шалынған өткір жарық үрген шардай бірте-бірте ұлғайып, көтеріле берді. Артынша наиза бойы биіктеп барып, кілт бізге қарай жылжыған, – деген Шағай бет-аузын құбылтып, тұтыға, үррейлі кейіпте сөзін сабактады. – Сенесің бе, Жанат? Әлті алып шар еп-сәтте Қаралымның желке тұсындағы Алғазы аралының нақ төбесіне келді де, бір орнынан қозғалмай біраз кідірді. Төнірегіне өткір сәулелерін шашқан шар сәлден кейін барып ілгері қозғалды. Дөнгеленіп жылжыған онын тұп-тура біздің үстімізге келе жатқанын анғарған Кәтен қорыққаннан теменге, қаютаға түсіп кетті. Ал мен не істерімді білмей, тіл-аузым байланған күйі, қаққан қазықтай мелшиіп отырып қалыптын. Жарты аспанды жап-жарық сәулеге шомылдырып домалған шар қиястau бұрылған бағытын өзгертпей Жынғылдықайырды жағалап, Лепсі-Матайға қарай тартты. Фажал! Не ұшаққа, не ракетаға ұқсамайды. Ізі де көрінбейді. Жарығы көзді қарып жіберердей. Ұзап бара жатқанда байқағаным, әлті жарық-сәулелер шенбердің буйіріндегі үнірейген тесіктерден шашырап жатқан тәрізді. Әйтеуір, бұрын-сондық көрмеген дыбысы жоқ жұмбак-дуние. Сонда, бұл не нәрсе деп ойлайсың?..».

Мен иғымды қиқаң еткіздім. Кім біліпті?!

Көп ұзамай қара сирақ достарымыз тамсана шерткен таңғажайып алып шарды тұнгі ауыл аспанынан жиі көретінбіз. Жарты әлемді жап-жарық сәулеге орап, сырғып кетіп бара жатқан оны білгіштердің дені «Балқаштың арғы бетіндегі Байқоңыр мен әскери «жабық» қаладан ұшырылған спутник» дейтін. О жағын біз қайдан білейік? «Жұлдыздары жамыраған ғарышқа аппаратын жұмбак жол дәл біздің ауылдың үстімен өтетін шығар» деп болжайтынымыз анық. Кейінрек, есейе келе Көк кезбелері хақында көп еститін boldық. «Ұшатын тарелка», «НЛО», «Беймәлім ұшатын шар», «Бөгде планетадан келген алыптар», «Жалғыз көзді жұмбак ұшактар...» Тіпті, кейір «Ұшатын тарелкалар» жалғыз-жарым жүрген адамдарды үрлап әкетіпти-міс» деген

алып-қашпа қауесеттер де естіліп қалатын... Жер «қонақтары» туралы елендетер материалдарды әү баста өзге елдердің газет-журналдарынан жиі оқытыныбыз. Келекеле улан-байтак Қазақстанның бірсесе ана түкпірінен, енді бірде мына түкпірінен «НЛО»-ны өз көзімен көргендердің әңгімелерін есту – әдettі жағдайға айналғаны мәлім. Тәуелсіздіктің елең-алаңында іссапармен Солтүстік Қазақстан облысында болғанымда аспан кезбелерін көрген бір топ күәгерлерге жолығып, шытырман оқыс оқиғаларды естіп, ғажайып әсерлерін «Егеменде» жариялағаным бар.

...Енді міне, ағайынды Шахановтардың «Тірі көзі» қайран қалдырып отыр. Осыдан елу жыл бұрын жазылған фантастика алуан түрлі ойға шомдырған. Жазушы жігіттердің киялы еріксіз тәнті етеді-ай. Өйткені, ол кезде кенестік цензура мұндай дүниелердің баспасөз беттеріне шығып кетуіне жол бермейтіні жасырын емес. Көп ретте фантазияның да қысынды болуын қatal қадағалайтын. Қиял-ғажайып шығармалардың ғылыми негізіне үнілген «қырағылар» орынды-орынсыз талап коятыны және аян. Осианау білк үдеден табылу үшін қазақ фантастарының шумектетіп тер төккені айқын байқалады. Ізденістері де назар аудартады.

Кәне, ендеше ғылыми-фантастикалық әңгіменің қалай басталғанына жаңар тоқтатайықшы:

«Мен көзімді аштым. Маңайдың бәрі бұлдырап әзер көрінеді. Қайдамын? Не болды? Кенет жүргім лүпілдеп жиі соға жөнелді. Маған баданадай үлкен көз тесіле қарал түр. Оның өткір қарасы тұла бойымнан өтіп мидағы ой тізбектерін жатқа оқып тұрғандай. Одан құтылар емессін. Ол өзінің тұнғығына баурап әкетіп барады, әкетіп барады. Мұмкін мұның бәрі тұс шығар? Жоқ! Мен көзімді жұмыдым. Элгі көз кимылымның бәрін бұлжытпай орыннады. Қорқып кеттім. Соңғы күндері болған оқиғалардың бәрі алдыымнан құйындей жүйіткіп өте шықты. Мен жоқпын. Мен енді сөйлей алмаймын. Тек ойлаған ойымды, көргенім мен білгенімді бұрыштағы сопактау келген «Тіл» деп аталатын электрондық машина жазып жатыр. Қазір Әнес келуге тиіс.

— Элім, — деді кеше ол, — бұл экспериментті жасама. Ғылым Орталығы басқа тәсілдерді қарастыруда. Мұмкін 8-ші Эпсилон жұлдызындағы құбылысты шешетін екінші әдіс табылар.

— Жоқ, мен белімді бекем будым. Есеп машинасының жасаған формуласы эксперименттің дұрыс екенін раставды ғой, — дедім теріс бұрылып.

— Раставсын, бірақ ойламаған жерде ми клеткалары закымға үшіраса не істемексін?

— Эх, Әнес, ғылым үшін жанымды да киямын. Әңгімені қысқарталық. Ертең мен эксперимент жүргіземін. Лабораторияға кеп «Тілдің» жазып алғанын тексересін.

— Жақсы.

Біз үн-тұңсіз осылай тарастық...

Жұмбак тылсымның құпиясы оп-онай шешілмейтіні белгілі. Тәжірибелі әлі де ерінбей жалғастыру керек. Бұқіл ғұмырын ғылымға бағыштаған Әлімнің ой сергітіп, жақсылап тынығып алғысы келеді. Алайда, миын шырмаяуқша шырмап-торлап алған «сұрактар» отырса да, жатса да маза бермеген. Себебі, осыдан бес жыл бұрын Жер стансалары Водолей шоғырындағы 8-ші Эпсилон жұлдызынан белгісіз хабар ала бастайды. Бұл деректер он екінші толқынмен беріліп тұрған. Ғылыми орталықтың ғалымдары ғарыштан жеткен хабарды қанша зерттесе де түйінін шеше алмайды. «Оқу – инемен құдық қазғандай». Бабаларымыз текке айтпаған-ау. Он сегіз мың ғаламның ашылмаған сырты шексіз ғой. Білегіне емес, біліміне сенген Орталық ғалымдары өздерінің ғылыми тәжірибелерін талмай, асықпай жүргізуі үйғарады. Қемейге кептелген құпті сауал да мәлім.

«Эпсилон тұрғындары кімдер болды екен?...»

Сейткенше оның басы шыркөбелек айналып, шынырауға құлап кетеді. Қайдан жетіп келгені белгісіз, төнірегіне өткір сәуле шашқан «Тірі көз» төніп тұрғандай елестейді. Қиялгерлер осы мезеттегі оқиғаның жай-жапсарын былайша суреттейді.

«Маған үлкен көз бадырая қарап түр. Ол – мені өзінің түкпіріне тартып бара

жатқандай. Айналамды қарандылық басып кетті де, іле жап-жарық болды.

Улкен аланның ортасында түр екем. Алыста аспанға көбік шашып, көгілдір су айдыны тулас жатыр. Оның жағасындағы қызыл, жасыл, көгілдір сәулелерге бөленген ғажайып үйлер жерден болар-болмас көтеріліп, қалықтап барады. Бұл көріністен кейін жасыл күмбезге ұқсас кең сарай пайда болды. Одан да ақ шашты, ұзын бойлы, кең иықты адамдар шықты да аспандағы сарғыш жүлдізды көрсетті.

— Алиамма! — деді олар біртүрлі нәзік дауыспен.

— Алиамма!

Сарғыш жүлдіздың қасында бір топ жүлдіз пайда болды. Бұл Водолей шоғыры.

Ақ шашты адамдардың көкшіл киім кигені алға бір қадам шықты да, Водолей шоғырын өшіріп таставды. Оның орнында енді Күн системасы.

«Уала» — деді әлгі адам Жерді нұқсанп. — Уала!

— Алиамма! Уала, — деп дауыстады бәрі маған қарай қолдарын созып.

Танғы қарандылық, Жарық сәулесі жанысымен көзімді ашсам, баяғы көз маған тесіле әлі қарап түр. Міне, ол алытай жөнелді. Ақыры сөніп қалды».

Жанкешті ғалымдар кешікпей Алиамманың 8-ші Эпсилон жүлдізы екенін анықтайды. Бірақ әлсін-әлсін ойқастап, қыр көрсеткен көз тұрасында нақты тұжырымға тоқтай алмай қиналады. Таңданыстарын да жасырмайды. Құрмеуі қын түйін тарқатылмаған қалпында қалады. Сұраптар сананы сілкілейді:

— Бұл неғылған Көз? Қандай құбылыс?

— Ол не? Бегде планеталықтардың арнаулы аппараты ма?

— Элде Әлімге көрінген галюминация ма?

— Көз — беймәлім ұшатын аспан кезбелерінің бірі шығар? Әбден мүмкін ғой!

Нақты жауабы жоқ сауалдар селі бізді де түпсіз ой мұхитына батырған...

Фантаст-жазушылардың қиялдары қырағы да, ұшқыр. Таңданбасқа, сенбеске болмайтындей. Қиялгерлердің осыдан жарты ғасыр бүрін болжағандары бұл күнде ақыратқа айналып отырғаны да баршаға белгілі. Галактика жұмбақтары мен құпиялары Жер тұрғындарына өз сырларын ашуда. Соның бірі — Қек кезбелерінің адамдарға жиі көрінүі. Бұл айғакты уақыттан озған қиял жемісі дегеніміз жөн.

Әдеттегідей «Тірі көздің» авторлары жөнінде бірер ауыз сөз. Мектеп қабырғасында жүргенімде «Танғы шық» әңгімелер жинағы арқылы жақсы таныс Төлеу Шаханов пен Төлеш Шахановтардың бірлесіп жазған дүниелерін студенттік жылдары да жиі оқитынын. Әсіресе, олардың ғылыми-фантастикалық үлкенді-кішілі туындылары «Білім және енбек» журналы мен «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде үзбей жарияланатын. Студент кезімде институт түбіндегі Пушкин атындағы Орталық кітапханаға күн құрғатпай барып, аударып-төңкеріп газеттер мен журналдарды сапыратынбыз. Жазу-сызуға құмарлықтан туған тамаша қасиет — облыстық қазак газеттерін аптастына бір мәрте сүзіп шығу. Бұл қанға сіңген ғадеттің бертінгі жылдарға шейін ұласқаны бар. Сондағы байқағаным, Төлеу Шахановтың аты-жөнін әр-әр облыстың басылымдары беттерінен ұшыратып қалатынын. Ал Төлеш Шахановтың жеке жазғандары еш жерден кездеспейтін-ді.

— Сонда бұл қалай?

Әрине, кезінде осынау сауалды өз-өзіме койып, жете мән бермегенім шын. Қажетсіз болғандықтан. Несін жасырамыз, әлі де солай болуы мүмкін еді. Бірақ, бұған бізді ешкімнің де кінәламасы күмәнсіз. Сөйтсе де қазіргі басымызға түскен жағдай басқаша. Ағайынды қаламгерлердің өмірбаяндарына қатысты деректерді жанұшыра іздестіруге тұра келді. Біледі-ау дегендердің көбінікі долбар бол шықты. «Төлеу мен Төлеш егіз көрінеді. Бірі орыс тілінде жазып, екіншісі қазақшаға аударады екен...», «Ағалы-інілі жігіттер фантастикаларына ғана қосарланған фамилияларын қойып келген. Өйткені, бірі шығарма сюжетін ауызша айттып берсе, екіншісі қағаз бетіне туспреді-міс...», «Төлеуі қайтыс болған, Төлешінің қос жанары бірдей көрмей қалыпты.

Тірі болуы керек. Жаман хабарын естімедім...» Алып-қашпа әңгіменің сұлбасы, міне осындай. Біріне сеніп, біріне күмәндандық. Себебі, сұрау салғандарымыздың дені ақмолалыктар болатын. Сонымен катар, жергілікті журналистерге де телефон шалдық. Бәдуан Иманшұлы, Амантай Есілбаев, Жылқыбай Жағыпарұлы нақты ештеңе айта алмады. Бәдуан құрдас қана «Ерейментаулық қаламгерлер Сайлау Байбосын мен Аманкелді Жұмабек білуі әбден мүмкін. Мен солармен хабарласып көрейін» деді. Байқайсыз ба? Жерлестерінің өздері жазушы бауырларынан көз жазып қалғанға үксайды. Тап басып дәнене айта алмаған...

Эр-эр жерден жылтылдаған бұлыңғыр үміт сәулесі өшпеген.

«Сүрай-сүрай Меккеге де баарарсың» демекші, ағайынды Шахановтарды білетін адамда да таптым-ау. Кім дейсіз фой? Өзіміздің Раиса апай, Жанайдарқызы Ибраева. «Егемен Қазақстан» Астанаға көшіп келген күні бастығымыздың қабылдау бөлмесіне қызметке альинган хатшы-референт. Отанымыздың бас газетін Сарыарқаның төріндегі слордаға көшіріп әкелген бас редакторымыз Ержұман Смайыл әлекедей жаландаған техсекретарьдың орнына «әдейі зейнеткер жасындағы адамға» конкурс жариялағанды. Сол жаңадан қабылданған зейнеткер-хатшымыз үлкен ұжыммен бір мүшелдей мерзім жемісті еңбек етіп, «екінші» рет демалысқа кеткен болатын. Ауылшаруашылық институтын тәмамдаған Раиса апай өнерге жақын бол шықты. Өлең шығарып, әнгіме жазады. Сөз киесін жан-тәнімен түсінетін нағыз ана тілінің жанаширы екен. Ежелгі Қараөткелдің бас көтерер қадірменді қарттарынан бастап, бүтінгі зиялты қауым өкілдерінің баршасын жыға біледі. Сол секілді орыстаннып кеткен Ақмоланың үлкен-кішісі де оны жақсы таниды. Сондыктан болса керек үлтжанды апайды құрметтеп екі фамилиясымен кезек атайды. Бірде Ибраева, ал енді бірде Жанайдарова деседі.

— Бұған дейін сұрамадың ба? Бүйтіп әуре-сарсанға түспес ең. Ағайынды Шахановтарды білемін фой, — деді мән-жайға қанық болған Раиса апай. Жұмсақ биязы үніне күлкі араласқан. — Біз бір ауданнанбыз. О кезде казіргі Ерейментау ауданы Еркіншілік деп атаптатын. Төлеу екеуміз бір жылдың төліміз. Мен аудан орталығындағы қазақ мектебін бітірсем, ол Қазақ темір жолына қарасты «Ерейментау» орыс орта мектебінің түлегі. Төлеу мектеп қабырғасында жүргендे-ақ екі тілде бірдей жазып жүрді. Облыстық, аудандық газеттерде жиі жарияланатын. Мектепті бітіргеннен кейін екі жылданың «Знамя», «Еңбек туы» газеттерінде еңбек етті. Өйткені, бүгінгідей емес, екі жылдық «стажын» болмаса, жоғары оку орнына күжатынды қабылдамайды. Сөйтіп, ол ҚазМУ-дің журналистикасына 1961 жылы түскен болатын. Шынын айту керек, Төлеу Шаханов студент атанғанға дейін-ақ аудан қолемінде танымал журналист қатарында саналатын. Аудан өміріне байланысты репортаждары, мақалалары, суреттемелері, сондай-ақ өлеңдері мен шағын әңгімелері өте жиі жарық көретін оны аудандық «Еңбек туы» газетінің редакторы болып істейтін менін тұған ағам Айтмұхамбет Жанайдаров ұдайы мактап отыратын. Оны ағайдың жұмыс кабинетінен жиі көретінмін. «Осы бетіңнен айныма, қарағым Төлеу. Таланттың бар. Тек көп ізденип, көп оку керек. Ауыл-аймағымыздың атын шығаратын жазушы болатыныңа өз басым сенімдім...» дегенін өз құлағыммен талай рет сстідім. Төлеш ағасы да жазушылықты көсіп етті. Менің білуімше кандидаттық диссертациясын қорғаған. Алматыда фой. Елге өте сирек келетін. Ағайындылардың кейінгі тағдырларынан хабарым жоқ. Ерейментаудағы туыстардан жөн-жосығын сұрастырып көрейін. Сіндімнің Қарлығаш деген кызы Төлеу Шаханов оқыған мектепте мұғалім. Бір дерегін білер. Айтпакшы, енді есіме түсіп түр. Төлештің фамилиясы үлкен әкесінің атында секілді. Жарайды. Ен аллымен ауыллағылардан анық-канығын білейінці. Асықпаныз... Хабарласам...

Раиса апай шынымен тағы бір күдіктің шетін шығарды ма? Бұ қалай сонда? Төлештің тегі басқаша дейлі еой

Күлті ойымнан арылдып улгермestен Раиса апай кайта телефондалы.

— Жанат-ау, сәттін салайын десе, Аллаға тұк емес. Кәне, тездетіп жазып ал. Алматыдағы Төлеудің кемпірінің сотқасын таптым. Мына қызықты қара, оның да есімі Қарлығаш көрінеді. Ұялы телефон нөмірі біздің Қарлығашта бар екен. Ендігісі өз көлінде.

— Раҳмет, Раиса апай!

— Оқасы жок.

— Жақсылығынызды ешқашан ұмытпасын. Алла разы болғай!..

Куанышым шексіз. Бөгелмедім. Емен-жарқын күйде неше уақыттан бері нақты хабарының ұштығын ұстай алмай жүрген Төлеу ағайдағын өмірлік серігіне звондадым. Хал-жағдайын сұрадым. Өзімді таныстырыдым. Бұйымтайымды сұрады. Шаруамды айттым.

— Түсіндім бәрін де. Аяқ астынан не деймін. Төлеуді де іздептіндер бар екен ғой, — деген Қарлығаш женешемін байсал үні аса мұнайсты шықкан. Эр сөзін бөліп-бөліп маңғаз жеткізеді. Көніл-күйі де пәстеу. — Отken он екінші жылдың желтоқсанында Төлеу аған жетпіске толды. Соғыстың от-жалынында туғандардың біразы мерейтойларын дүрілдетіп өткізгенін білесін. Ал біздін Төкенді елеген ешкім жок. «Қазақ әдебиеті» газетіне өз қолыммен апарып берген бір топ өлеңдері аузы-мұрны жоқ андатпасыз жарық көрді. Енжарлық па, немікүрайлық па? Элде өзі жоқтын, кезі жоқтың кері ме? Әйтпесе, екі тілде бірдей жазған Төлеу Шаханов қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер. Поэзиясын айтпағанда, оның ғылыми-фантастикасы мен аудармаларының өзі бағалауға да, күрметтеуге де әбден лайыкты. Медет етерлік куанышты жай – ерейментаулық жерлестері Төлеу оқыған орта мектепке оның есімін бергізілті. Бұған да шүкір! Бір екіншітісі, осына салтанатқа арнағы шақырамыз деген ағайындар мені ұмытып кеткенге ұксайды. Мейлі өздері білсін. Күтпеген жерден хабарласып, жөн сұраған сізге құлағдар еткенім ғой...

Іә, қаламгер шаңырағының шырақшысы Қарлығаш Зейінкызымен әлденеше мәрте тілдестім. Талай түйткілдер мен деректердің егжей-тегжейіне көз жеткіздік. Соларды оқырмандар назарына түйіп-түйіп жеткізгім келеді. Жазушының жары Қарлығаш апай – атақты қаламгер, Алаштың ардақтысы Зейін Шашкиннің қызы. Мұны ескі көз, алдыңғы буын өкілдері ғана білмесе, кейінгі үрпақтың мұлдем хабарсыздығына сенімдімін. Ал ойдан-қырдан шарқ ұрып іздеген Төлеудін ағасы Төлештің тегі Сүлейменов болып шықты. Ағайындылар отбасы құрып, үйленгендеріне дейін фантикалық шығармаларына қосарлап «Шаханов» деп қол қойған көрінеді. Сөйтіп Төлеш ағаның әдеби мұралары үлкен әкесінің атымен таңбаланылты. «Ағалы-інілі төртеуміз Шаханов боп кетсек, әкеміздің әкесінің аты тарихта қалмас. Мен бүкіл құжатымды Сүлейменовке өзгертемін. Атамың рухы риза болсын» депті Төлеш аға. Мінеки, фамилия құпиясы мен сырьы осылай анықталған.

Қызықты қараңыз. Төлеш аға туралы жан-жақты білгім келіп, Қарлығаш апайдан ананы-мынаны сұрастырып отырғанымда көнілімдегі құпті саулалдың ұшы да көрінген. «О кісі де үзак жүрмеді. Төлеуден кейін, уш айдан соң қайтыс болды ғой. Фантикалық бірнеше кітаптары жарық көрген. Олар «Жұлдыз адамы», «Күн сынығы», «Киял әлеміне саяхат», «Алиана-ниссан» деп аталауды. Өзі ғылыми-фантастика тақырыбынан диссертация қорғаған, филология ғылымдарының кандидаты. Неге екенін білмедім, Жазушылар одагына мүші емес. Қайнағаның қыздары да филологтар. Соңғы кітабы – «Серіз Сері». Осы кезде мен шыдамай: «Е-е, енді есіме түсken тәрізді. «Серіз Серінің» авторы болса, Төлеш ағамен бір мәрте кездескенім бар...» дедім.

...Кіне, құлақ түрініз, қадірлі оқырман. Сіз де хабардар болыңыз. Отken ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басы. Ұмытпасам, Алматының шілінгір шілдесі. «Ленжаста» бірге істеген белгілі қаламгер Ырым Кененбаев екеуміз республикалық зағиптар коғамының журналы «Енбек танының» редакциясына бас сұқтық. Осында жаңадан қызметке тұрған жазушы досымовқа жолыға кеткіміз келген. Елпілдеп қарсы алған ол жазу үстелінен енді ғана көтеріліп, күн қағары бар жұп-жұқа шүберек теллегін шекесіне қисайта киіп жатқан дембелшелеу жігіт ағасын таныстырыды. «Фантас-жазушы ағамыз Төлеш Сүлейменов. Жақында «Серіз Сері» дейтін ғажап романы шықты...» Рас, біз елеңдеп қалдық. Өйткені, Төкеннің жаңа кітабы баспасөзде әжептеуір жаңғырық туғызып жатқан шақ еді. Жөн сұрасып, танысқан жазушы ағамыз кешірім өтінген. «Түскі үзіліске үйге бара жатыр ем.

Сендермен танысқаным қуаныштымын. Сәті түссе, тағы бірде жұздесіп, «Сегіз Серіні» жуармыз...». Ағеділ жанның мейірімді жүргегі шынайы лебізінен байқалып тұрды.

Оқініштің сол, одан кейін біздің Төлеш ағамен жолымыз бірде-бір рет түйіспепті...

Төлеу Шаханов ҚазМҮУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін бітірісімен «Социалистік Қазакстанда» (қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) қызмет істепті. Бірақ, бұл жөнінде кейінгілер мүлдем білмейді. Сұрастырган ересектердің өздері «Өте ертеректе болғаны той» дегеннен артық ештеңе айтпаған. Сондай-ақ ол «Ленинская смена», «Семиречие», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде журналистік көркітін ыстық-сұзығынан өтсө, кейінірек «Жазушы», «Жалын» баспаларында редактор болыпты. Өмірінің соңғы кезінде «Қазақфильм» киностудиясында қызмет атқарыпты.

Әдебиеттің әр жанрында қалам тербеген ол өнікті еңбек етті. Орыс тілінде «Жазушы» баспасынан «Бәйге», «Шуакты күн», «Сен білесің бе, бұларды?», «Қос шапқыншы» аталатын лирикалық өлеңдері мен поэмалар жинақтары дүниеге келген.

Қазақ ғылыми-фантастикасының көкжидегі көңейтуге өзіндік улес косқан Төкеннің «Көгілдір мұнаразалар», «Хоғалған планета» туындысы да кезінде жарт назарын аударып, талғампаз оқырман ықыласына бөлениген-ди.

Фантаст қаламгердің тәржіма саласындағы еңбегі де елеулі. Ол қазақ ақындарының өнернамасын орыс оқырмандарына танытуда мәндай терін біршама бүршактатқанын естіп-білдік. Талантты аудармашы Кенен Әзірбаев, Нұрхан Ахметбеков, Қадыр Мырзалиев, Дүйсенбек Қанатбаев т.б. ақындардың көптеген өлең-дастандарын орыс тілінде сөйлеткен.

Сонымен бірге ол аударған венгр жазушысы Крянгенің «Өжет әтеш» пен М. Светловтың «Мальчик-Кибальчиш» спектакльдері республикалық балалар қуыршақ театрының сахнасынан күні бүгінге дейін түскен жоқ. Көзі тірісінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған санқырлы талант иесінің мәндайын жарқыратқан толайым туындылары талай-талай буын өкілдерінің қазынасына айналған берері сезіз. Әйткені, баба да дана халқымыздан қалған «Жазушы мен ғалымның жазғаны ешқашан өлмейді» деген тамаша тәмсіл бар.

Әңгіме арасында жазушының жары Қарлығаш алай онын баспа жүзін көрген туындыларының басын косып, қазақ-орыс тіліндегі толық бір томдығын әзірлеп жатқанын айтқан-ды. Қаржының талшылығы қол байлауда. Әйткенмен де Жазушылар одағынан үміт күтетінін жеткізген. Несі бар, орындалмайтын қиялдағы арман емес кой. Біздің де келешектен күтеріміз көп. Дүниеден озғанына жиырма жыл болған қаламгердің осы мерзім ішінде бірде-бір кітabyы қайта басылмапты. Ендеше, жазушы Төлеу Шахановтан көз жазып қалған тілеулестері оның шығармаларымен қайта қауышар уақыт жақындау түссе екен.

Қазақ әдебиетінің улкен жанашыры, белгілі қазақстандық орыс жазушысы әрі аудармашы Алексей Брагин «Қазактан шыққан дарынды шебер аудармашы екеу болса, сөз жоқ, оның бірі – өзіміздің Төлеу Шаханов еді», ал фантастикасының жілігін шағып, майын ішкен Абдул-Хамит Мархабаев «Ол – қиял тұлпарының жалынан ұстаған қаламгер» деп биік бағалаған жазушы есімі әрдайым өз оқырмандарының жүргегінде.

Жалғасы келесі санда.

